



БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 25 сәуір
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ *246*
город Караганда

**2021 - 2022 оқу жылын
аяқтау және орта білім беру
ұйымдарында білім
алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу
мерзімдерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Занының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021 - 2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 159 бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы - 2022 жылғы 25 мамыр;

2) 9 (10) сыныптың білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым аралығы;

3) 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2022 жылғы 27 мамыр - 10 маусым аралығы.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазақ/орыс (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2022 жылғы 28 мамыр;

2) математика (алгебра) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2022 жылғы 31 мамыр;

3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2022 жылғы 3 маусым;

4) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі

(ағылшан/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 6 маусым;

11 (12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2022 жылғы 27 мамыр;

2) қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 30 мамыр;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2022 жылғы 2 маусым;

4) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі және және әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – 2022 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шет тілі (ағылшан/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 10 маусым.

3. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім ұйымдары айқындаған мерзімде өткізіледі.

4. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1 - 8, 10-сыныптарда білім алушылар үшін 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.

5. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және жалпы орта білім беру бөлімі (Нұрсұлтан Г.Е.) және Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу әдістемелік орталығы (Абдикерова Б.Х.):

аудандық, қалалық білім бөлімдерінің жалпы орта білім беру ұйымдарының 9 (10), 11 (12) сыныптарының білім алушыларына емтихан тапсырмаларының жіберілуі қамтамасыз етілсін;

6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және жалпы орта білім беру бөлімі (Нұрсұлтан Г.Е.), қалалық, аудандық білім бөлімдерінің басшылары, облыстық білім беру ұйымдарының директорлары:

білім беру ұйымдарында 2021 - 2022 оқу жылын осы бұйрықтың талаптарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгі ережесіне сәйкес аяқтауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасары Б. Әдекеноваға жүктелсін.

**Қарағанды облысы
білім басқармасының
басшысы**



Г. Қожахметова